

Һуд пайғамбардың (оған Аллаһтың сәлемі болсын) қиссасы

قصة هود عليه السلام

<Қазақ тілі – Kazakh – كازاخي>



Қазақ тілі командасы орналасуы Dar әл-Ислам

فريق اللغة الكازاخية بموقع دار الإسلام



**Аса Мейірімді Рахымды Аллаһтың атымен
Ғуд**

(оған Аллаһтың сәлемі болсын)

Ад қауымы

Нұхтың (оған Аллаһтың сәлемі болсын) ұлдарының бірі Самның немерелерінің ішінен Ғуд (оған Аллаһтың сәлемі болсын) шықты. Оның аты-тегі Ғуд ибн Абдуллаһ ибн Рабах ибн Жаруд ибн Ад ибн Аус ибн Ирам ибн Сам ибн Нұх болып өрбиді деген дерек бар. Сондықтан да Ғудтың қауымы оның аталарының есімімен бірде Ад, бірде Ирам деп аталады.

Ғудтың (оған Аллаһтың сәлемі болсын) қауымы Ахқаф деген аймақты мекендеді. Құрандағы Ахқаф сүресі осы Ад қауымы тұрған жерге қатысты аталған. Ахқаф дегеніміз – құмды тау. Ол жер Йеменде, Оман мен Хадрамауттың аралығындағы теңізге таяу орналасқан. Оны Йеменде Шехр деп атайды.

Аллаһ Тағала:

«(Мұхаммед) Ад (елінің) туысын (Ғудты) есіңе ал; сол уақытта ол Ахқафтағы еліне ескерткен еді», - деп айтқан (Ахқаф сүресі, 21 аят).

Топан су басып жер бетіндегі адамдар жойылғаннан кейін адамзат Нұхтың (оған Аллаһтың сәлемі болсын) мекендеген жерінен екінші рет жан-жаққа тарала бастады. Нұх пайғамбар (оған Аллаһтың сәлемі болсын) Шамның солтүстігі мен Түркияның оңтүстік аймақтарын мекендеген еді. Сол жерден адамдар Палестина, Шам елдеріне және Араб жарты аралына жайылды. Солардың ішінде Ад тайпасы Араб жарты аралының оңтүстігіне жетті.

Нұхтан (оған Аллаһтың сәлемі болсын) кейін жер бетінде солар билік жүргізді. Олар өте ірі денелі, ұзын бойлы болатын. Тәпсіршілер оларды ақ түсті, бойлары ұзын және алып денелі болған деп сипаттайды. Аллаһ Тағала бұл туралы Құранда:

«Ойлаңдар! Сол уақытта Аллаһ сендерді Нұх қауымынан кейін орынбасар қылып әрі тұлға жаратылысында да артық

қылды. Ендеше Аллаһтың нығметтерін еске алыңдар, құтыласыңдар», - деген (Ағраф сүресі, 69 аят).

Олар араб болатын Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Әбу Заррға (оған Аллаһ разы болсын) пайғамбарлар мен елшілер туралы әңгімелей отырып:

«Олардың төртеуі араб: Ғуд, Салих, Шуьайб және өзіңнің пайғамбарың, ей, Әбу Зарр», - деген (Имам Ибн Хиббан).

Исмаилдің (оған Аллаһтың сәлемі болсын) алдында өмір сүрген арабтар таза арабтар. Олардың ең танымалы тайпалары: Ад, Самуд, Журхум, Умәйм, Мәдиян, Амлақ, Қахтан және т.б. еді. Ал арабтанған арабтар Исмаилдан кейін оның ұрпағынан тарады. Исмаил (оған Аллаһтың сәлемі болсын) араб емес болатын. Оның әкесі Ибрахим (оған Аллаһтың сәлемі болсын) Бабыл жерінен болатын. Әкесі оны Меккеге тастаған соң, ол сонда өсіп, Журхум арабтарымен араласа келе олардың біріне айналды, тіпті олардың ең шешен тілділерінен саналды. Арабтардың және пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) шешендік өнері сол кісіден қалған.

Ад қауымы үй соғу өнерін өте шебер меңгерген еді. Шатыр үйлер олардың ең сүйікті тұрағы болатын. Бірақ бұл шатырлар қарапайым тұрғызылмағанды, өте алып, биік болып келетін. Олар өздерінің осы шеберліктерін дамытып, оны мақтан тұтатын. Аллаһ Тағала олар туралы:

«(Мұхаммад) Раббыңның Ад қауымына не істегенін көрмедің бе? Ұзын дінгекті Ирамды; сондай елдерде ол тәрізді жасалмаған еді», - деген (Фажр сүресі, 6-8 аяттар).

Олар қалалар, көшелер және үйлер соғуда құрылыс өнерінің шынына жеткен еді. Тіпті бұл тұрғыда олар жөнінде кереметтер де айтылады. Олардың өздері далалық жерде шатыр үйлерде тұрып, тауларда сарайлар соғатын. Қалаларының көшелері өте үлкен болатын. Бұл олардың ермегі тұғын. Кейбір тарихшылар, олардың қорғандары күміс пен алтыннан тұрғызылған еді, деп те айтады. Десе де, Ад тайпасында басқа елдерде болмаған нәрселер пайда болды. «...Сондай елдерде ол тәрізді жасалмаған еді». Олар өркениет пен өнердің биігіне

жетті. Аллаһ Тағала Ад тайпасында пайда болған өркениетті Һудтың (оған Аллаһтың сәлемі болсын) сөзімен баяндап:

«Әр төбеге әншейін ескерткіш құрылыс жасайсыңдар ма?», - деп айтқан (Шұғара сүресі, 128 аят).

Олар тау басына сарайлар соғатын. Һуд (оған Аллаһтың сәлемі болсын) оларға, сендер жазық далада тұрсаңдар да тауға сарай соғасыңдар ма? Не үшін, бол ойын ба әлде ермек пе, деген-ді.

Ад тайпасы соншалықты дәрежеге жетті, оларға ешкім қарсы келмеді. Олар сол замандағы елдердің барлығын биледі. Құранда:

«Дүниеде мәңгі қалу үмітімен мықты сарайлар жасайсыңдар ма? Қашан ұстасандар, зорлықпен ұстадыңдар», - делінген (Шұғара сүресі, 129-130 аяттар).

Һудтың (оған Аллаһтың сәлемі болсын) дағуаты

Топан судан кейін Ад тайпасы пайда болғанға дейін жер бетінде өмір сүрген Нұхтың (оған Аллаһтың сәлемі болсын) ұрпағы бір Аллаһқа сыйынумен күн кешкен-ді. Уақыт өте келе шайтан Ад қауымын азғырып, олар қайтадан пұттарға табына бастады. Нұхтың қауымынан кейін алғаш пұтқа табынған Ад тайпасы болды. Сонымен Аллаһ Тағала оларға Һудты (оған Аллаһтың сәлемі болсын) пайғамбар етіп жіберді. Һуд (оған Аллаһтың сәлемі болсын) оларды Аллаһқа шақыра бастады. Аллаһ Тағала:

«Ад еліне туыстары Һудты жіберді. Ол: «Ей, елім! Аллаһқа құлшылық қылыңдар! Сендердің Одан басқа құдайларың жоқ. Қорықпайсыңдар ма?» - деді», - деп айтқан (Ағраф сүресі, 65 аят).

Һуд (оған Аллаһтың сәлемі болсын) оларға Аллаһтың берген үлкен нығметтерін ескертті. Бірақ олар қарсы шығып, адасты. Ал Һуд (оған Аллаһтың сәлемі болсын) оларды шақырудан танбады. Аллаһ Тағала: **«Ад қауымына туыстары Һудты жібердік. Ол: «Ей, елім! Аллаһқа құлшылық қылыңдар. Сендердің Одан басқа құдайларың жоқ. Сендер өте жалақорсыңдар. Ей, елім! Бұған сендерден ақы сұрамаймын, еңбегім мені Жаратқанға ғана тән. Сонда да түсінбейсіңдер ме?! Ей, халқым! Раббыларыңнан кешірім өтініңдер. Сосын Оған тәубе қылыңдар. Сендерге көктен жаңбыр**

жаудырып, қуаттарыңның үстіне қуат қоссын. Сондай-ақ күнәһар болып жалтармандар» - деді», Һуд сүресі, 50-52 аяттар.

«Енді Аллаһтан қорқып, маған бағыныңдар. Сендерді білген нәрселеріңмен қамтамасыз еткен Аллаһтан қорқындар. Сендерге малдар, балалар берді. Бақшалар, бұлақтар берген (Аллаһтан қорқындар). Сендерге болатын ұлы күннің азабынан қорқамын», - деген (Шұғара сүресі, 131-135 аяттар).

Һуд (оған Аллаһтың сәлемі болсын) оларды қайта-қайта шақырды. Бірақ, Нұхты (оған Аллаһтың сәлемі болсын) қауымы сайқымазақ еткендей, олар да оны мазақ қыла бастады және оған:

«Ей, Һуд! Сен бізге ашық дәлел келтірмедің. Біз сенің сөзің бойынша құдайларымызды тастамаймыз және саған сенбейміз. Саған кейбір құдайларымыздың киісі тиген екен деп қана айтамыз», - деді (Һуд сүресі, 53-54 аяттар).

Яғни, сен пұттарға қарсы шыққаның үшін олардың бірі сені ауру етіп қойды, - деді. Сондай-ақ: «Елінің қарсы болған тобы: «Әрине, біз сені есуас көреміз және сені анық өтірікшілерден деп ойлаймыз», - деді», (Ағраф сүресі, 66 аят).

«Елінің қарсы болған, Ақыретте жалғанға шығарған, сондай-ақ Біз өздеріне дүние-тіршілігінде кеңшілік берген бастықтары: «Бұл өздерің сияқты бір адам ғана. Жегендерінді жеп, ішкендеріңнен ішеді. Егер өздерің сияқты адамға бойұсынсаңдар, рас, сендер сол уақытта зиянға ұшырайсыңдар. Сендерге өліп, топырақ және сүйек болғанда тіріліп шығатындарыңды ескерте ме? Сендерге бұл ескертілген нәрсе ұзақ, тым ұзақ! Дүниедегі тіршілігіміз ғана тіршілік. Кейбіріміз өлеміз, кейбіріміз өмір сүреміз де қайта тірілмейміз. Ол Аллаһқа өтірік жала жапқан адам. Біз оған сенбейміз», - деді (Мүминун сүресі, 33-38 аяттар).

Осыған қарамастан Һуд (оған Аллаһтың сәлемі болсын) оларды Аллаһтың жолына шақыра берді. Сонда олар: «Сен уағыздасаң да уағыздамасаң да бізге бәрібір. Бұл бұрынғылардың салты. Біз азапқа душар болмаймыз», - деп шулады (Шұғара сүресі, 136-138 аяттар).

Сөйтіп олар қарсыласып тұрып алды. Сонда Һуд (оған Аллаһтың сәлемі болсын) оларды шақырып:

«Расында мен Аллаһты айғақ қыламын, сендер де айғақ болыңдар. Мен сендердің Аллаһқа қосқан серіктеріңнен аулақпын. Маған Аллаһтан басқа бәрің қулық қылыңдар да сонан кейін мүрсат бермеңдер. Расында мен өзімнің Раббым әрі сендердің де Раббыларың Аллаһқа тәуекел еттім. Ол кекілінен ұстамаған ешбір жәндік жоқ. Күдіксіз Раббым тура жолда. Егер жалтарсандар да мен шынында өзім арқылы жіберілген нұсқауды сендерге жалғастырдым. Раббым орындарыңа басқа елді әкелсе, сендер оған ешбір зиян келтіре алмайсыңдар. Шынында Раббым әр нәрсені Қорғаушы», - деді», Һуд сүресі, 54-57 аяттар.

Бұл дәл Нұхтың (оған Аллаһтың сәлемі болсын) өз қауымына айтқан сөзі.

Ад қауымына келген азап

Сосын Һуд (оған Аллаһтың сәлемі болсын) Аллаһ Тағалаға дұға қылып:

«Раббым! Мені жалғанға айналдырғандардың үстінен жеңіс бер!» - деді», Мүминун сүресі, 39 аят. Сонда Аллаһ Тағала:

«Олар аз уақытта сөзсіз өкінішке ұшырайды», - деді», Мүминун сүресі, 40 аят.

Аллаһ Тағала оларға қылмыстарына, мойындамауларына, қарсы шығуларына және осындай пайғамбарды мазақ еткендеріне жаза ретінде жел жіберді. Ондай жел бұрын-сонды болмаған-ды. Әуелі жаңбыр жаумай, құрғақшылық басталды. Ағаштар мен өсімдіктер қурай бастады. Олар жаңбыр күтті. Бір күні Аллаһ Тағала оларды азаптауды қалаған мезгілде алыстан бір қара бұлт көзге шалынды. Мұны көрген олар жаңбыр келді деп қуанды.

«Сонда олар апатты ойпаттарына жайылып келе жатқан бұлт түрін көрген сәтте: «Бұл бізге жаңбыр жаудыратын бұлт», - деді. (Һуд): «Жоқ, ол сендердің асыға тілегендерің; Ішінде жан түршігерлік азабы бар бір дауыл», - деді). Раббыңның әмірімен әр нәрсені тас-талқан қылады. Сонда олардың жұрттарынан басқа

еш нәрсе көрінбей қалады. Қылмысты елге осылай жаза береміз», Ахқаф сүресі, 24-25 аяттар.

Ад тайпасының тас-талқаны шығарылды. Олардың бақтарынан, үйлерінен еш нәрсе қалмады. Тек тауда жасаған сарайлары ғана қалды. Аллаһ Тағала бұл туралы:

«Ад елінде де (ғибрат) бар. Сол уақытта оларға зиянды қатты дауыл жібердік. Ол тиген нәрсесін шіріген сүйектей етіп тастайды», Зәрият сүресі, 41-42 аяттар;

«Ад елі де жалғанға шығарған. Азабым мен ескертуім қалай екен? Оларға сәтсіз күнде үздіксіз ысқырған дауыл жібердік. Адамдарды түбінен қопарылған құрманың ағашындай жұлып әкететін еді. Азабым мен ескертуім қалай екен?», - деп айтқан (Қамар сүресі, 18-20 аяттар).

Боран оларды көтеріп алып, ұшырып, жерге соғатын. Сонда олардың басы денесінен үзіліп түсетін еді. Аллаһ Тағала:

«Ад елі де ысқырған қатты дауылмен жоқ етілді. Аллаһ оларға ол боранды жеті түн, сегіз күн жалғасты түрде естір-ді. Сонда ол елді құрманың қуыс дөңбегінше құлағанын көрер едің. Ал енді олардан бір қалған нәрсе көресің бе?», - деп айтқан (Хаққа сүресі, 6-8 аяттар).

Аллаһ Тағала оларға нығметтердің, тіршілік қажеттіліктерінің барлығын: бау-бақшалар мен бұлақтар, мал-дүние мен бала-шағалар және күш-қуат берген еді. Алайда олар мұны Бергенге шүкіршілік етудің орнына қарсы шықты. Аллаһ Тағала: **«Сонда Ад елі жер жүзінде орынсыз өздерін жоғары санап: «Бізден артық күшті кім бар?»,** - деген еді. Олар өздерін жаратқан Аллаһтың олардан гөрі күштірек екендігін білмеді ме? Олар аяттарымызға қарсы келді», - деген (Фуссылат сүресі, 15 аят).

Аллаһ Тағала бұл дауылдан Һудты (оған Аллаһтың сәлемі болсын) құтқарды. Ол: **«Сонда оны (Һудты) және онымен бірге болғандарды мархабатымызбен құтқардық та аяттарымызды жалғанға шығарғандардың және сенбегендердің артын үздік»,** - дейді (Ағраф сүресі, 72 аят).

Дауыл Ғуд (оған Аллаһтың сәлемі болсын) және оған ерген адамдар орналасқан жерге тимеді. Жан-жағындағылардың барлығының быт-шытын шығарды. Тек одан иман келтірген бір топ адамдар және олардың малдары ғана аман қалды. Ал мүміндерге еш нәрсе болмады. Аллаһ Тағала: **«Әміріміз келген кезде Ғудты және онымен бірге иман келтіргендерді мархабатымызбен құтқардық. Сондай-ақ оларды ауыр азаптан босаттық. Осы Ад елі Раббыларының аяттарына қарсы келіп, Оның елшілерін мойындамай әрбір зорлықшыл тоңмайындардың әміріне бағынды. Бұл дүниеде де, Қиямет күнінде де олардың қыр соңынан лағынет қалмады. Естерінде болсын! Ад елі Раббыларына қарсы болды. Естерінде болсын! Ғудтың қауымы Ад (мархабаттан) аулақ болсын!»**, - айтқан (Ғуд сүресі, 58-60 аяттар).

Бұл Ад қауымының соңы еді. Осы оқиғадан соң иман келтірген адамдар сол жерде өмір сүруді жалғастырды. Ғуд (оған Аллаһтың сәлемі болсын) дүниеден өтті. Ол Хадрамаутқа жерленді.

Ғудтың (оған Аллаһтың сәлемі болсын) қиссасынан алынар өнеге

Ад қауымының: «Сендерге бұл ескертілген нәрсе (қиямет) ұзақ, тым ұзақ! Дүниедегі тіршілігіміз ғана тіршілік. Кейбіріміз өлеміз, кейбіріміз өмір сүреміз де қайта тірілмейміз» деген сөзінен ұғарымыз: қазіргі таңдағындай, сол кезде де өлгеннен кейін қайта тірілер күн бар екенін мойындамайтындар болған.

Қолданылған әдебиеттер: Ибн Касирдің «Қисасуль-Әнбия», «Альбидая уа нихая».